



030020, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы,
Тургенев көшесі, 70 «А»
тел/факс: 8(7132) 46-03-79; 46-03-94

030020, Актюбинская область, город Актөбе
улица Тургенева, 70 «А»
тел/факс: 8(7132) 46-03-79; 46-03-94

« 14 » 09 2023ж

№ 269 н/к

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:

1. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында «Жас дәурен» орталығы жұмысы ұйымдастырылсын. Сабақтан тыс клуб жұмыстары, үйірме жұмыстары мен секция жұмыстары жүргізіліп, жетекшілері бекітілсін:

1. Қ.Қайсенов атындағы «Қаһарман» әскери-патриоттық клубы, жетекшісі- АӘТД пәні мұғалімі Н.Сәндібек
2. «Инабат» қыздар клубы, жетекшісі – математика пәні мұғалімі З.Тилешева
3. «Экоәлем» үйірмесі, жетекшісі- биология пәні мұғалімі А.Нұрман
4. «Мәнерлеп оқу» үйірмесі, жетекшісі- бастауыш класс мұғалімі Н.Сүлейменова
5. «Вокал» үйірмесі, жетекшісі- музыка пәні мұғалімі Б.Балмұханова
6. «Хор» үйірмесі, жетекшісі – музыка пәні мұғалімі С.Әлімжанұлы
7. «Ұшқыр ой» дебат үйірмесі, жетекшісі- тарих пәні мұғалімі Е.Мұқанбетсадықов
8. «Ажур» үйірмесі, жетекшісі- З.Карагулова
9. «Қолөнер» үйірмесі, жетекшісі- Э.Еркінқызы
10. «Шабьт» үйірмесі, жетекшісі- А.Габдешова
11. «Волейбол» секциясы, жетекшісі- Н.Қуанышбай
12. «Баскетбол» секциясы, жетекшісі - А.Сағындық
13. «Шахмат» секциясы, жетекшісі- Б.Сағындық
14. «Үстел теннисі» секциясы жетекшісі- С.Нурғалиева
15. «Тоғызқұмалақ» секциясы жетекшісі- Ораз Б.Б
16. «Футбол» секциясы жетекшісі- Н.Тұрсынбаев
17. «Шаңғы» секциясы жетекшісі- Н.Сәндібек
18. «Асық ату», «Бес асық» секциясы жетекшісі- Н.Сәндібек
19. «Жеңіл атлетика» секциясы жетекшісі- К.Нурғалиева

2. «Жас дәурен» орталығының жұмыс жоспары құрылып, оқушылардың бос уақыты қамтылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Мукатоваға жүктелсін.

Мектеп директоры



И.Амитжанова

«КЕЛІСІЛДІ»
 Директордың оқу-ісі жөніндегі
 зрынбасары
 Қ.Қ. Сүлейменова



«Үйірме сыры сан тарау- жетелер сырлы әлемге» оқушылардың бос уақытын қамту

№	Үйірме атауы	Үйірменің жетекшісі	Күні	Уақыты	Оқушы саны
1	«Қаһарман»	Сәндібек Н. Т.	жұма	16:00-17:00	180
2	«Мәнерлеп оқу»	Сулейменова Н. Т	Сәрсенбі	17:00-17:40	26
3	«Ұшқыр ой» дебат үйірмесі	Мұханбетсадықов Е.Қ.	Сәрсенбі Сенбі	13:30-14:30 10:00-12:00	25
4	«Вокал»	Балмұханова Б. Т.	Жұма Сенбі	10:30-11:30 11:30-12:30 10:00-11:00 11:00-12:00	15 15
5	Ажур	Карагулова З.Ж.	Сәрсенбі Сенбі	10:00-10:40 10:00-10:40	16
6	Экоәлем	Нұрман А. М.	Бейсенбі	17:00-17:40	20
7	Инабат	Тилешева З.Е.	жұма	17:00-18:00	25
8	Хор	Әлімжанұлы С.	Сенбі	10:00-11:00	30
9	Қолөнер	Еркінқызы Э.	Дүйсенбі	10:00-11:00	20
10	Шабыт	Габдешова А.А.	Жұма	14:00-14:40	50
11	Тоғызқұмалақ	Ораз Б.Б	Бейсенбі Жұма	09:00-10:30 09:00-09:45	20
12	Жеңіл атлетика	Нургалиева К.К	Сейсенбі Жұма	11:30-13:00 16:00-17:30	25
13	Шахмат	Сағындық Б.Х.	Дүйсенбі Сәрсенбі	11:00-12:30 11:00-11:40	20
14	Баскетбол	Сағындық А.Х.	Сейсенбі: Сенбі :	19:00-20:00 13:00-14:30	30
15	Үстел теннисі	Нургалиева С.А.	Сейсенбі Бейсенбі	10:00-11:30 16:00-16:40	20
16	Волейбол	Куанышбай Н.Т.	Сәрсенбі: Сенбі:	19:00-20:00 09:00-10:30	30
17	Шаңғы дайындығы	Сәндібек Н.Т.	Сейсенбі Сенбі	10:00-11:30 10:00-11:00	20
18	Футбол	Турсынбаев Н.Ж.	Дүйсенбі Сенбі:	19:00-20:00 15:00-16:30	30
19	Асық ату Бес асық	Сәндібек Н.Т.	Дүйсенбі Жұма	11:00-11:30 10:00-11:00	30
20	Дойбы	Нургалиева К.К.	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі	15:30-16:30 15:00-16:30 15:00-16:30 15:00-16:30	20
21	Тоғызқұмалақ	Нургалиева К.К	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі	10:00-11:30 10:00-11:30 10:00-11:30 10:00-11:30	20

**«Экоәлем»
Тақырыптық жоспары**

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Өтілетін күні	Үйге тапсырма
I. Экологиялық этикаға кіріспе (7 сағат)				
1	Экология кешенді ғылым саласы.	1	6.09.23ж	
2	Экология салалары: биоэкология, адам экологиясы, ғаламдық экология, синэкология.	1	13.09.23ж	
3	Экологияның туындауы мен даму кезеңдері.	1	20.09.23ж	
4	Экологиялық этиканың әдістері, міндеттері.	1	27.09.23ж	
5	Табиғат құқықтары. Табиғи ресурстардың түрлері. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану.	1	4.10.23ж	
6	Табиғи ресурстар адамның тұрмыс-тіршілігінің көзі, маңыздылығы.	1	10.10.23ж	
7	Қоршаған орта және адам денсаулығы. Адамның табиғатқа әсерінің салдары мен табиғат заңдылықтары.	1	17.10.23ж	
II. Экологиялық этика және мәдениет (7 сағат)				
1	Экологиялық мәдениетті қалыптастыру принциптері мен бағыттары.	1	8.11.23ж	
2	Қазақ халқының экологиялық этикасы	1	15.11.23ж	
3	Жан-жануарларды ғылымда және әр түрлі қызықтыру мақсатында пайдаланудың әдептілік проблемалары.	1	22.11.23ж	
4	Экологиялық құндылықтар мен экологиялық талаптар.	1	29.11.23ж	
5	Экологиялық білім, экологиялық сана-сезім, экологиялық мәдениет ұғымдарының сипаты	1	6.12.23	
6	Адам мен әлеуметтің қоршаған ортаға бейімделу процестері мен формалары.	1	13.12.23	
7	Экологиялық сана-сезім принциптерін қалыптастыру. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Экологиялық өмір салты.		20.12.23	
III. Жануарларға, өсімдіктерге және жабайы табиғатқа экоэтикалық қарым-қатынас (7 сағат)				
1	Әлемдік халықтың мәдениетіндегі жануарлар мен өсімдіктердің алатын орны.	1	27.12.23	

2	«Қызыл кітап» және оның рөлі.	1	10.01.24	
3	Ұлттық парктер және қорықтар. Қорықтардың пайда болу себептері.	1	17.01.24	
4	Қазақстанның қорықтары, табиғи ескерткіштері. Табиғатты қорғаудағы қорықтардың маңызы.	1	24.01.24	
5	Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аймақтар туралы мемлекеттік заңы.	1	31.01.24	
6	Жануарларды қорғаудағы заңнамалар негізі.	1	7.02.24	
7	Экология және денсаулық. Құстардың табиғаттағы рөлі, адам өміріндегі маңызы. Құстар әлемінде.	1	14.02.24	
ҮІ. Дүниежүзілік қазіргі экологиялық жағдайлар (6 сағат)				
1	Ғаламдық экологиялық дағдарыстың себептері мен зардаптары	1	21.02.24	
2	Дүние жүзі бойынша негізгі экологиялық көрсеткіштер	1	28.02.24	
3	Қазақстанның қазіргі экологиялық жағдайлары. Экологиялық қауіп-қатер, экологиялық дағдарыс ұғымдары.	1	6.03.24	
4	Экологиялық қауіп-қатер түрлері. Экологиялық қорғаныс деңгейлері және қазіргі экологиялық қауіп-қатерді шешу жолдары.	1	13.03.24	
5	Экологиялық саясат. Қазақстанның дүниежүзілік қауымдастыққа экологиялық тұрғыда кіруіндегі негізгі бағыттары.	1	20.03.24	
6	Қазақ халқының экологиялық қағидалары	1	10.04.24	
Ү. Экологиялық қозғалыс түрлері (5 сағат)				
1	Экологиялық қозғалыс түрлерінің сипаты, мақсаттары, міндеттері мен экологиялық қозғалыс іс-әрекет әдістері.	1	17.04.24	
2	Табиғат қорғау қозғалыстарының типологиясы. Қазақстандағы экологиялық қозғалыс түрлері.	1	24.04.24	
3	«Жасыл ел» бағдарламасы. Оның міндеттері, жүзеге асыру жолдары.	1	28.05.24.	
4	Қазақ халқының экологиялық қағидалары	1	25.05.24	
5	Экологиялық құндылықтар мен экологиялық талаптар	1	22.05.24	

Түсінік хат

Адам – биосфераның құрамдас бөлігі және оның жемісі. Адам алғаш рет пайда болғаннан өзінің айналасындағы табиғатқа тікелей тәуелді болып өмір сүреді.

Жер бетінде таралған барлық ағзалар бір-бірімен тығыз байланыста болады және олар өздерінің айналасындағы орта жағдайларымен де үнемі қарым-қатынаста тіршілік етеді. Тіршіліктің осындай өзара байланысы ұзақ кезеңдер ішінде бірте-бірте қалыптасқан және ол белгілі бір табиғи заңдылықтарға бағынады. Осының нәтижесінде ғаламшарда күрделілігі әр түрлі экологиялық жүйелер пайда болған.

Соңғы жылдары адамның бүкіл биосфераға әсері күшті байқалуда. Адам санының ұдайы өсуі, табиғатқа ғылыми-техникалық прогрестің ықпалының тездеуінен адамзат әрекетінің әсері ұлғайып отыр.

Қазақстандағы экологиялық проблемалар шиеленісуі жалпы әлемдік шиеленістен кем емес.

Табиғатты қорғау – бұл табиғи жер және су ресурстарын ұтымды пайдаланып, сақтауды және ұдайы өсіруді қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік, қоғамдық, экономикалық заңды шаралар жүйесі.

Ел Президентінің «Қазақстан – 2030» жолдауында «Біздің табиғат ресурстарымыз орасан зор байлық, әлемдік тәжірибеде табиғи байлығы бар елдер оны дұрыс игере білмегендіктен кедей елдер қатарынан шыға алмай қалғаны» туралы айтқан. Олай болса қазақ жерінің байлығын бағалайтын, табиғатын аялайтын жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне көбірек көңіл бөлу – қазіргі өмір талабы.

Экология бұл іс жүзінде аса зор маңызы бар биология бөлімдерінің бірі. Адамзат жаһандық эволюциялық проблемалармен ХХ ғасырда кездесті. Экологиялық апат мүмкіндігінің жалғасы арта түсуде.

Экологиялық этика – барлық рухани өмір мен істе көрініс табатын, адамзат мәдениетінің маңызды бөлігі және табиғаттың құндылығын түсінетін, экологиялық білім жүйесімен, экологиялық іс-әрекетпен, қоршаған ортаға ізгілік қарым-қатынаспен сипатталатын тұлғанғың ерекше қасиеті.

«Экологиялық этика» элективті курс бағдарламасының мазмұнында жалпы экологиялық проблемалар, экологиялық дағдарыс, экологиялық қауіп-қатер мәселелері және оны шешудің жолдары қарастырылады. Сонымен қатар, экологиялық тұжырымдарға сүйене отырып, оқушылардың сана-сезімі мен мәдениетін қалыптастыру мәселелеріне көп көңіл бөлінген.

Курс 9 класс оқушыларының жас ерекшеліктері мен басты оқу бағдарламасына негізделіп жасалған. Курсты оқу жасөспірімдердің туған өлкенің табиғатын тани білуге оқушылардың ғылыми жаратылыстану көзқарастарын, экологиялық ойлауларын азаматтық жауапкершілікке ұлтжандылық тәрбиелейді.

Бағдарлама оқушылардың жеке білім, білік дағдыларын ескере отырып, ұжымдық оқыту, саралап деңгейлеп оқыту, АКТ, сын тұрғысынан оқыту мен жазу, тірек конспектілері, дидактикалық материалдар және жеке оқушымен

Бағдарламаның мазмұны мен құрылымы

I. Экологиялық этика (7 сағат)

Экологияның туындауы мен даму кезеңдері. Экология кешенді ғылым саласы. Экология салалары: биоэкология, адам экологиясы, ғаламдық экология, синэкология.

Экологиялық әдептің әдістері, міндеттері.

Табиғат құқықтары. Табиғи ресурстарының түрлері. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану. Қоршаған орта және адам денсаулығы.

Табиғи ресурстар адамның тұрмыс-тіршілігінің көзі, маңыздылығы. Адамның табиғатқа әсерінің салдары мен табиғат заңдылықтары.

II. Экологиялық этика және мәдениет. (7 сағат)

Қазақ халқының экологиялық этикасы. Жан-жануарларды ғылымда және әр түрлі қызықтыру мақсатында пайдаланудың әдептілік проблемалары. Әлемдік халықтың мәдениетіндегі жануарлар мен өсімдіктердің алатын орны. Экологиялық білім, экологиялық сана-сезім, экологиялық мәдениет ұғымдарының сипаты. Адам мен әлеуметтің қоршаған ортаға бейімделу процестері мен формалары. Экологиялық сана-сезім принциптерін қалыптастыру. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Экологиялық өмір салты.

III. Жануарларға, өсімдіктерге және жабайы табиғатқа экоэтикалық қарым-қатынас. (7 сағат)

«Қызыл кітап» және оның рөлі. Ұлттық парктер және қорықтар. Қорықтардың пайда болу себептері. Табиғатты қорғаудағы қорықтардың маңызы. Қазақстанның қорықтары, табиғи ескерткіштері. Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аймақтар туралы мемлекеттік заңы. Жануарларды қорғаудағы заңнамалар негізі.

IV. Дүниежүзілік қазіргі экологиялық жағдайлар. (6 сағат)

Ғаламдық экологиялық дағдарыстың себептері мен зардаптары. Дүние жүзі бойынша негізгі экологиялық көрсеткіштер. Қазақстанның қазіргі экологиялық жағдайлары. Экологиялық қауіп-қатер, экологиялық дағдарыс ұғымдары. Экологиялық қауіп-қатер түрлері. Экологиялық қорғаныс деңгейлері және қазіргі экологиялық қауіп-қатерді шешу жолдары. Экологиялық саясат. Қазақстанның дүниежүзілік қауымдастыққа экологиялық тұрғыда кіруіндегі негізгі бағыттары.

V. Экологиялық қозғалыс түрлері (5 сағат)

Экологиялық қозғалыс түрлерінің сипаты, мақсаттары, міндеттері мен экологиялық қозғалыс іс-әрекет әдістері. Табиғат қорғау қозғалыстарының типологиясы. Қазақстандағы экологиялық қозғалыс түрлері. «Жасыл ел» бағдарламасы. Оның міндеттері, жүзеге асыру жолдары.

дербес жұмыс жасау арқылы оқытылады. 9 класқа арналған «Экологиялық этика» курс бағдарламасы жылдық сағат саны-34, аптасына 1 сағат;

Элективті курс бағдарламасында «Экологиялық этикаға кіріспе», «Экологиялық этика және мәдениет», «Жануарларға, өсімдіктерге және жабайы табиғатқа экоэтикалық қарым-қатынас», «Дүниежүзілік қазіргі экологиялық жағдайлар», «Экологиялық қозғалыс түрлері», бөлімдері бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, дамытуға назар аударылған.

Бағдарламаның өзектілігі: Жас ұрпақтың экология және экологиялық көзқарастың негізін білуі, экологиялық тепе-теңдікке және қоршаған ортамен қауіпсіз өмір сүруге қол жеткізу; Табиғатқа деген экологиялық этикасын, мәдениетін қалыптастыру.Туған өлкеміздің табиғатын сүйеге, оны қорғауға тәрбиелеу.

«Экологиялық этика» арнаулы курс бағдарламасының мақсаты: Оқушылардың экологиялық білімдерін тереңдете отырып, оларды шығармашылықпен ойлауға, өз бетінше шешім қабылдауға үйрету. оқушыларды айналадағы ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарауға баулу, табиғатты аялауға, сүйе білуге үйрету, оқушыларды бақылай білуге, бақылау нәтижелерін талдап түсінуге үйретуге, экологиялық сауаттылыққа бағдарлауға негізделген.

Бағдарлама мынадай міндеттерді шешуге арналған

-Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру проблемасын теориялық жағынан негіздеу.

-Экологиялық тәрбие мен білім беруді жергілікті жердің табиғатын қорғау міндетімен ұштастыру.

-Оқушы экологиялық білімін табиғатқа қамқорлық жасауға дағдаландыру жолдарын қарастыру.

-Болашақ мамандық таңдауға ықпал ету.

Бағдарлама бойынша оқушылар нені меңгеруі тиіс

- ✓ Экологиялық мәдениет, әдеп ұғымдарын.
- ✓ Табиғат құндылығын, табиғат заңдарын.
- ✓ Әлемдегі және мемлекетіміздегі экологиялық қозғалыстар туралы.
- ✓ Қоршаған ортаның құрамды бөліктерін. Оларға түрлі ластанулардың әсерін.
- ✓ Алған білімдерін практикада қолдана, туған өлке табиғатын қорғау шараларын.
- ✓ Берілген курс бойынша биология сабақтарын дайындау кезінде кез келген ақпаратты қолдану.
- ✓ Кез келген масштабты экологиялық мәселелерді талдау.

Күтілетін нәтижелер:

Беріліп отырған элективті курсты жүзеге асыру барысында жас ұрпақтың экологиялық мәдениетін және экологиялық этикасын қалыптастыру, экологиялық тепе-теңдікке және қоршаған ортамен қауіпсіз өмір сүруге қол жеткізу;

Пайдаланган әдебиеттер

Негізгі:

1. Бейсенова Ә.С. және т.б. Экология – Алматы, 2001.
2. Әділов Ж.Д. Тұрақты даму және айналадағы орта. – Алматы, 1998.
3. Жатқанбаева Ж.Ж. Биосфера – Алматы, 1978.
4. Экологическое состояние окружающей среды в Казахстане. – Алматы, 1992.
5. Шилова В.С. Социально-экологическое образование школьников. – М., 1999.
6. Вернадский В.И. Биосфера и ноосфера. – М., 1989.
7. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. Ә. Бейсенова, А. Самақова, Т. Есболов, Ж. Шілдебаев.
8. Экология негіздері. Ғ. Сағымбаев
9. Экология .Г. С. Оспанова, Г. Т. Бозматаева.
10. Денсаулық журналы.
11. Экология. Ә. С. Бейсенова, Ж. Б. Шілдебаев, Г. З. Сауытбаева

Қосымша:

1. Ә. С. Бейсенова. Экология – ел тағдыры, Алматы – Мектеп -2006ж
2. Ұ. Б. Асқарова. Экология және қоршаған ортаны қорғау, Алматы -2004.
3. Ғ. Сағымбаев Экология негіздері, Алматы -1995 Республикалық баспа қызметі.
4. Ә. Бейсенова, Ж. Шілдебаев, Ғ. Сауытбаева Экология оқулық, Алматы Ғылым баспа орталығы -2001ж.
5. М.М. Жанпейісова Модулдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы, 2002 ж.
6. Бас редактор- Қалкенова Б. Биология және салауаттылық негізі Ғылыми – педагогикалық журнал .2007 ж. № 2,3,5.
7. Әбілқасымова, Р.Омарова. Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. А., 2003ж.
8. Бигалиев А.Б. Проблемы окружающей среды и сохранения биологического разнообразия. Учебное пособие. Алматы. 2005.



«ҚАРАЛДЫ»
№1 әдістемелік кеңес
«29» 04 2023ж



«Шабьт»
драма үйірмесінің
БАҒДАРЛАМАСЫ

Мұғалім: Ғабдешова А.А.

2023-2024 оқу жылы

Түсінік хат

Үйірме бағдарламасы бастауыш сыныптардағы оқушылардың екі жылдық жұмыс жоспарына сай есептеліп жасалған. Үйірме – бұл мұғалімнің оқушылармен әріптестік қатынаста және нәтижеге қол жеткізуі үшін жұмыс жасауына арналған. Бұл технология қатысушыларды ізденімпаздыққа, таным мен өзін-өзі тануға бағытталған. Үйірменің өз жұмыс мақсаты мен міндеттері бар. Сетіну, елестету, қору, танымалды орындау, содан соң ізденімпаздықты ұйымдастыру – жетекшінің тілеген әрекеттері міне, осылар. Оқушының үйірмеге ұмтылысын күшейтетін нәрселер – өз идеяларын ұсыну, жарнамалау, өз жұмысының нәтижесін көру. Үйірме жұмысы үнемі өз жұмысын талдаумен, өз әсерімен бөлісумен аяқталып отырады. Үйірме жұмысы бірнеше бөлімдерден құралған бағдарламадан тұрады. «Сөйлеу мәдениеті мен техникасы» бөлімінде тыныс алу, сөйлеу мүшелерінің еркін жұмыс жасауына бағытталған жаттығулар мен ойындар жүргізіледі. Сондай-ақ, нақты мәнер мен ойлау, орфоэпиялық заңдылықтар түсіндіріледі. Бөлімге байланыс қабілетін дамытатын, қысқаша ертегілер мен әңгімелер құрауға үйрететін, қарапайым іс-әрекеттерді таңдай білетін сөздік ойындар енгізілген.

Келесі «Сымбат пен мүсін икемділігі» бөлімінде баланың қозғалыс қабілеттерін, дене әрекетінің әдемі қимыл қозғалысын, оқу күшін жеңілдетуге бағытталған дамыту ойындары мен жаттығу жұмыстары жүргізіледі.

«Театральдық ойын» бөлімінде оқушының тек қана кәсіби шеберлігін дамыту қарастырылмайды, сондай-ақ, ойын әрекетіндегі эстетикалық сезімін дамыту, құрдастары мен үлкендер түрлі жағдаяттар арасында өзін дұрыс ұстай білу тәртібі үйретіледі.

«Әдеп пен мәдениет» бөлімінде оқушылардың өмірдің мәні мен құндылықтарын түсіну, жалпы адамзаттық бағалы қасиеттерді ұғыну, сөйлеу мәдениеті мен өзін ұстай білу әдебін, эстетикалық мәдениетті (талғамы бар оқырман, көрермен бола білуге) білу үйретіледі.

Үйірменің жұмыс кестесі бастауыш үш сыныпқа аптасына екі рет жүргізіледі.

	Тақырыбы	С/с	күні	Қосымша ақпарат
1	Үйірмеге оқушыларды жинау	1	08.09.23	
2	Ережемен, міндеттерді бөлу	1	15.09	
3	Шығ. қаб дамыту жаттығулары.	1	22.09	
4	Театр терминдері (актер, ампула, антракт, аншлаг, образ)	1	29.09	
5	Кино мен др. ерек. Сахна мәдениеті.	1	06.10	
6	Мәнерлеп оқу.	1	13.10	
7	Тәуелсіздік күнінің қойылымымен танысу, танысу, талқылау.	1	20.10	
8	Кастинг, рөлдер бөлу.	1	27.10	
9	Үстел жанындағы оқулар.	1	10.11	
10	Костюм дайындау.	2	17-24.11	16.11 Төле би
11	Сахнадағы дайындық.	1	08.12	
12	Есеп беру. «Атымыз -алаш»	1	15.12	
13	Жаңа жылға дайындық, сценари құру.	1	22.12	
14	Жаңа жылдық кештегі көріністер.	1	27.12	
15	Өнер белгілі актерлер (өмірдерек, қызықты оқиғалар). Асаналі Әшімов «Майра»	1	12.01.24	
16	Қ. Мырзалиев шығармаларын мән. оқу, поэзия сағаты, талқылау.	1	19.01	18.01. «Бұл мендегі махаб
17	«Қаңтарда туған қыран» (Қ. Мырзалиевке арналған) поэзия кеші	1	26.01	
18	Наурыз мерекесіне сценарий, рөлдер бөлу, дайындық	2	02-09.02	
19	Театралдық терминдер (декорация, көрермен, диалог, кқмедия т.б)	1	16.02	
20	Балалардың шы,армашылық жұмыстары (сценарий, ертегі жазу)	2	23.02 01.03	25.02. жас ақын. кезд
21	Өнер адамдарымен кездесу.	1	24.03	М. Ақдәулет шығарм. кеші
22	Таңдаған көріністерді сахнаға дайындау, сахна мәдениеті.	1	15.03	
23	Жерлесіміз Т. Ахтановқа 90 жыл өмірдерек, шығармаларын талдау.	1	05.04	
24	Есеп беру қойылымының сценарийін талдау. Кастинг, рөлдер бөлу.	2	12.04- 19.04	
25	Үстел жанындағы дайындық.	1	26.04	
26	Костюмдер, сахнадағы дайындық.	2	03.05- 10.05	
27	Есеп беру. «Соңғы қоңырау»	1	25.05.24	

Күтілетін нәтижелер:

Оқу жылының аяғына қарай оқушы:

Біледі:

1. Театр деген не?
2. Театр басқа өнер түрлерінен несімен ерекшеленеді
3. Театр неден пайда болды?

Театрдың қандай түрлері бар? (Қуыршақ, драмалық, опера, балет, музыкалық комедиялар, халықтық)

4. Театр қойылымдарын (спектакльдерді) кімдер жасайды?

Түсінігі болады

1. Сахнаның негізгі техникалық құралдары жөнінде
2. Сахнаның безендірілуі жөнінде
3. Сахна мен көрермен залында өзін – өзі ұстау ережелі туралы

Үйренеді:

1. Өзінің өмірдегі құбылыстарға қатынасын сахнада көрсетуді
2. Бейнелі ойлауды
3. Назарын аудару білуді
4. Өзін сахна кеңістігінде сезінуді

Таланттарын үстемелейді:

1. Кейіпкермен (сыныптастармен) сөйлесу
2. Қарапайым актер шеберлігі
3. Қоршаған әлемді бейнелі қабылдау
4. Сыртқы зиян келтірушілерге дәл, бейнелі әсер ету
5. Ұжыммен жұмыс

Сондай-ақ, артық ұялшақтықтан, қоғамнан қорқудан, «сыртқы көзқарастан» қысылудан арылады, тіл табысқыштық, ашықтық, қоршаған ортаға камқорлық, ұжым алдындағы жауапкершілік қасиеттерін алады.

Екі жылға арналған жұмыс жоспары

№	Бағдарлама тараулары	Сағат саны	
		1 жыл	2 жыл
1	Кіріспе		
2	Сөйлеу мәдениеті мен техникасы		
3	Сымбат, мүсін икемділігі		
4	Театральдық ойын		
5	Әдеп пен мәдениет		
6	Барлық сағат саны		



«ҚАРАЛДЫ»
№1 әдістемелік кеңес
«29» 08 2023ж



«Хор» үйірмесінің БАҒДАРЛАМАСЫ

Мұғалім: Әлімжанұлы С.

2023-2024 оқу жылы

Түсінік хат

Академик Қаныш Сәтпаев: «Музыка адам жанының олқы тұстарын қалпына келтіреді»- деп құнды пікір айтқан.

Қазіргі қоғамға сай, жан - жақты дамыған, патриоттық, адамгершілік, эстетикалық қасиеттері бойына дарыған азаматты тәрбиелеуде музыка өнерінің ролі зор. Мектепте өткізілетін өнер үйірмелері оқушылардың қызығушылықтарын тудыратын, шығармашылықтарын арттыратын, ақыл - ойын дамытатын, әсемдік әлеміне жетелейтін бағыттардың бірі. Үйірмеде оқушылармен түрлі жұмыстар жүргізіледі. Музыка тыңдау, музыка сауатын меңгеру, ән айту, тақырыпқа лайық творчестволық жұмыстар. Осы аталған жұмыстардың бірі - ән айту.

Ән - музыка шығармашылығында кеңінен таралған вокалды жанр. Ән тыңдаушыға жарасымды әуен мен сөз арқылы әсер ете отырып, эмоциялық ұғу, түсіну сезімдерін оятады. Ән адамның жанын сергітеді, психологиялық әсері мол күшті құрал.

Хормен ән айту үйірмесінде оқушылар әнді құлшына, қызыға орындайды. Оқушылардың шығармашылықтарын арттыруға, өнерлерін шыңдауға музыка сабағы жеткіліксіз. Мектепте ұйымдастырылатын хор үйірмесі оқушылардың творчестволық дамуына жол ашады. Хор үйірмесі баланың есте сақтау, тыңдау қабілеттерін арттырып, өзін - өзі ұстай білуге, жеке басының мүддесін ұжымға бағындыруға, сыныптан тыс бос уақыттарын дұрыс ұйымдастыруға септігін тигізеді.

Хор үйірмесіне кіші топқа 3 - 4 сынып, оқушылары қатысады. Мұндай топтарға бөлудегі негізгі мақсат балалардың жас ерекшелігін еске ала отырып, олардың өсуі мен қалыптасуына зиян жасамау. Хормен дайындық кезінде жоғарғы топтағы оқушылардың мутациялық кезеңдеріндегі өзгерістерінде ән айтуда абай болған жөн. Балалардың жас шамасына қарай репертуарды лайықты таңдап, көлемі, мазмұны олардың ой - өрісіне сай болуы қажет.

Хормен дайындық жұмысы кезең - кезеңмен жүргізіледі.

1. Ән айту ережелерімен тиянақты түсіндіру.
2. Жаңа әнмен жан - жақты таныстыру.
3. Әннің сөздерімен жұмыс.
4. Тыныс алу жаттығуларымен жұмыс.
5. Әндік дыбыс жаттығуларымен жұмыс.
6. Ырғақпен жұмыс.
7. Ән айтудағы үйлесімділік, бір - бірін тыңдау.
8. Әннің көркем, мәнерлі айтылуы.

Әрбір сағат алдын ала жоспарлы, тартымды, қызықты болу керек. Музыка мұғалімі әр баланың дауыс ерекшелігін жақсы білуі керек. Дауыстарының дыбыс бояуы, тембрі қанықты, диапазондары кең, ашық дауысты балаларды солист ретінде алуға болады. Балалар дауысының дамуына дауыс күтімі, ән айтудағы тыныс алу, артикуляция, вокалдық жаттығулар т. б. факторлар әсер етеді.

Вокалды хор жұмысы кезінде арнайы қалыптастыру жаттығулары шығарманы мәнерлі орындауға, өз бетінше ән айтуға да септігін тигізеді. Барлық вокалдық дағдылар бір - бірімен тығыз байланыста болғандықтан олармен жұмыс бір уақытта орындалады. Хор жетекшінің шеберлігі вокалды дағдыларды қалыптастыруда көрінеді. Дауыс қалыптастыру кезінде тыныс алуға көп көңіл бөлу керек. Өйткені дұрыс тыныспен айтылған ән тыңдаушыға түсінікті, мәнерлі жеткізіледі. Енді бірнеше тыныс алу

II жарты жылдық

Р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Жұмыс жүргізудегі дағдылар
1	М.Сағатов «Туған ел»	1	23.12.23	Вокалдық жаттығуларды меңгерту
2	Р.Рахмадиев «Кел достар»	1	13.01.24	Мақам дағдыларын дамыту
3	«Асыл ана»	1	20.01.24	Дыбыс диапазонын анықтау
4	«Мы желаем счастье вам» И.Шаферан С.Намин	1	27.01.24	Хормен әндету тәсілдерін қалыптастыру
5	«Үш қоңыр» Н.Назарбаев А.Қоразбаев	3	03.02.24 10.02.24 17.02.24	Дауыстар үйлесімі
6	И.Нүсіпбаев «Бақытты балалар жыры»	4	24.02.24 02.03.24 16.03.24 23.03.24	Дауыс ерешеліктерін анықтау
7	«Жас қала-Астана»	4	30.03.24 06.04.24 13.04.24 20.04.24	Репертуарларды жатқа дұрыс орындау
8	С.Еркінбеков «Отан таңы»	2	24.04.24 04.05.24	Әннің мазмұнын талдауға үйрету
9	Әндерді бекіту	2	11.05.24 18.05.24	Ырғақ, синкопа

**Хормен ән айту үйірмесінің 5-6 сыныптарына арналған
тақырыптық-күнтізбелік жоспары
2023 – 2024 оқу жылы**

Үйірме жетекшісі: Өлімжанұлы С

I жарты жылдық

Р/с	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Жұмыс жүргізудегі дағдылар
1	Ән айту ережелері Дауыс апаратының құрлысы	1	09.09	Ережені жаттау
2	Әншілік тонды қалыптастыру Дикциямен жұмыс	1	16.09	Дауысқа бөлу
3	Мимикамен жұмыс Интонациямен жұмыс	1	23.09	Әннің мазмұнын талдауға үйрету
4	Тыныс алудың түрлері Дауыс ашу жаттығулары	1	30.09	Есту, тыңдау қабілеттеін
5	«Туған жер»	1	07.10	Әндету қабілетін арттыру
6	«Ұстазға мың алғыс»	1	14.10	Дикциямен жұмыс
7	«Егемен Қазақстан»	1	21.10	Интонациямен жұмыс
8	Ұжымдық орындау	1	28.10	Тыңдау, есту, әндету

9	Ырғақ, синкопа «Мектебім»	11.11.23	Ырғақтық күрделі түрлері
10	Ырғақтың күрделі түрлері «Ана тілін сүйеміз»	18.11.23	Мимикамен жұмыс
11	Милизм, транпазичия Сахна мәдениеті	25.11.23	Дауыстармен жеке жұмыс
12	Импровизация «Анадай асыл мектебім»	02.12.23	Әннің әуенімен жұмыс
13	Стакатто, фермато, унисон Тыныс дағдысы	09.12.23	Музыкалық сауаттылық

Ұсынылатын әдебиеттер

1. Ұлттық энциклопедия, Алматы, 2003жыл.
2. «Мәдени мұра» бағдарламасы, Алматы, 2007/08ж.ж
3. «Музыкальное воспитание в школе».Апраксина О.А Вып.15.-М.,1982.
4. Сухомлинский В.А. «Слово о слове»// Избр.произведения:в5-и т. Т.5.Киев,1977.
5. Шкаляр Л.В. «Музыкальное образование в школе». Уч.пособие. М.:Изд. «Академия»,-2001
6. С. Байтереков шығармалары
7. Асафьев Б. О хоровом искусстве.— Л. 1980
8. Музыка в школе: Журнал, 1983—1988
9. Работа с детским хором: Сб. статей/Под ред. В. Соколова.— М., 1981
10. Соколов В., Попов В. Школа хорового пения. Вып. 2 (Вступительная статья).—М., 1987.

- *Музыка оқулығы, әдістемесі*

- *“Хор шығармасын қабылдауды қалыптастыру”*

К. Қыдырбаева

А. Қарақәева

- *“Орындаушылық топпен жұмыс”*

К. Қыдырбаева

- *“Хоровой коллектив” Л. Шамина*



«ҚАРАЛДЫ»
№1 әдістемелік кеңес
«29» 08 2023ж



«Мәнерлеп оқу» үйірмесінің БАҒДАРЛАМАСЫ

Мұғалім: Сулейменова Н.Т.

2023-2024 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Бүгінгі таңда бала тәрбиесіне, балаларға сапалы білім беру дәрежесіне айрықша назар аударылып отырғаны баршамызға белгілі. Мектептегі білім алушыларды туған халқымыздың ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, көркем әдебиетіміздің туындыларымен сусындата алсақ қана жасөспірімнің жан дүниесін жадыратуға болады.

Бастауыш сыныптағы «Мәнерлеп оқу» курсының ерекшелігі балалардың коммуникативтік немесе тілдік дағдылардың алғашқы нышандарын қалыптастыра отырып, сөздік қорын байытуды, байланыстыра және грамматикалық тұрғыдан жүйелі сөйлеуге үйретуді, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды көздейді. Көркем шығармалар түрін мәнеріне келтіре оқи отырып, ұлттық тәрбие, рухани-мәдени құндылықтар, ана тілі және қазақ халқының салт-дәстүрі негізінде сусындаған жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл бағдарлама адамның ішкі рухани жан дүниесінің байлығын ашуга, адамгершілікке тәрбиелеуге, тілі мен қиялын дамытуға мүмкіндік береді.

Қоғам дамуы қарыштап алға басқан сайын ғылым-білімнің де керегесі кеңейіп, жаңалық молая түсуде. Ғылым мен техниканың жаңалықтары көз ілеспей дамып келеді. Ал, мектеп сол жаңалықтың барлығын оқушыларға меңгерту үшін бейімделе бастады. Кітаппен жұмыс істеу – мектепішілік мәселеге айналып барады. Мектептен тыс жерде, үйде балалар көбіне теледидар көріп, интернетке шығып, компьютермен ойын ойнайды. Кітап оқу екінші орынға ауыса бастады. Мектептегі оқушылардың кітапқұмарлығының ақсап бара жатқанын көруге болады. Алайда, білімнің негізгі бұлағы кітап оқу екені – басы ашық ақиқат. Ауызекі сөйлеу барысындағы ахуалдар, балалардың дұрыс оқуы мен дұрыс сөйлеуі, ой-өрісінің даму барысындағы кездесетін кедергілерді жою.

Мектептің алғашқы басқышы, негізгі тірегі бастауыш сыныптан бастап, жас жеткіншектерді әсемдікке, әдемілікке, ойлай білуге, өзіндік ой түйіндей білуге, көркем шығармаларды мәнерлеп оқи отырып, білімді болып тәрбиеленуі. Балалардың қоғамдағы өмірге бейімделуі тілдік қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылуы.

№	Тақырыптары	сағаты	мерзімі
1	Мәнерлеп оқу туралы ұғым	1	06.09
2	Дауыс ырғағының кідірістері	1	13.09
3	Грамматикалық кідіріс (логикалық, психологиялық) ұсақ жанрлармен жұмыс	2	20.09, 09
4	Мақал-мәтелдер.	1	04.10
5	М.Мақатаев . Отан	1	11.10
6	Ертегі. «Түлкі мен ешкі»	1	18.10
7	Сөйлеу техникасы. Дыбыстау мүшелері	1	25.10
8	Өлең. Ы. Алтынсарин «Ананың сүюі»	1	08.11
9	Әңгіме. «Жаман жолдас»,» Әке мен бала»	1	15.11
10	К.Салықов Отан.	1	22.11
11	Дикция. Маң-маң-маң басқан....	1	29.11
12	Дауыссыз дыбыстардың айтылуы. Трамвай	1	06.12
13	Жанылтпаптарды оқу.	1	13.12
14	Торғай.	1	20.12
15	Ұйқас өлең жазу	1	24.12
16	С. Торайғыров «Қараңғы қазақ көгіне...»	1	10.01
17	Дауыс ырғағы. «Қияр мен капуста»	1	17.01.
18	Үзіліс. «Қасқыр мен кірпі»	1	24.01.
19	Балалар ертегісі	1	31.01.
20	Мағыналық екпін. «Бал араның жыры»	1	06.02.
21	Оқудың әсерлі болуы.	1	14.02.
22	Бейнефильм көру. Алдар көсенің хикаялары	1	21.02.
23	Көрген бейнефильмнің кейіпкерлері туралы пікірлері	1	28.02.
24	«Сөйлеу қарқыны «Данышпан»	1	06.03.
25	Өлең құрылысы. Шумақты өлең. М.Әлімбаев	1	13.03.
26	Тармақ. Бунақ. Буын.	1	20.03.
27	Мысал өлеңдерді оқу	1	03.04.
28	Менің сүйікті ертегім .	1	10.04,
29	Сүйікті өлеңім	1	17.04.

30	Қойылым. «Балалар мен ғалым»	2	24.31.04.
31	Шығармашылық жұмыс. Презентация	1	15.05
32	Мәнерлеп оқу сайысына қатысу	1	22.05.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Жалпы білім беретін 4-сынып білім алушыларына арналған «Әдебиеттік оқу мен хрестоматиясы» Атамұра-2014
2. Журналдар «Балдырған» 2015ж Алматы, ЖШС РПБК «Дәуір»
3. «Сөз әдебі» Елтаным баспасы -2010ж
4. «Мәнерлеп оқу» С. Желдербаева Алматы, «Рауан»-2013ж
5. Ы. Алтынсариннің балаларға арналған шығармалары
6. Абай Құнанбаевтың балалар әдебиетінен
7. С. Торайғыровтың балаларға арналған шығармалары
8. Интернет ақпараттары
9. Ш. Ахметов «Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы»
I және II томдары, Арлан –ПВ-2011

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ

Білім алушылар көркем әдебиет туындыларымен танысып, нақышына келтіріп оқитын болады. Шығармаларды оқи отырып, өзін-өзі тәрбиелейді, қоғамдық ортада білім алушының күзіреттілігі артады, өмір сүріп үйренеді. Мәнерлеп оқудың құндылығы білім алушының әрбір көркем әдеби туындыларды оқып, одан ләззат ала білуі.

1-бөлім. Мәнерлеп оқудың теориялық білімі.

Мәнерлеп оқу туралы ұғым. Дауыс. Дауыс ырғағы. Дауыс ырғағының кідірістері. Логикалық, психологиялық, грамматикалық кідірістер. Сөйлеу техникасы Дикция. Дыбыстау мүшелері. Дыбыстардың айтылуы. Дауыссыз дыбыстардың айтылуы. Дауысты дыбыстардың айтылуы. Екпін. Мағыналық екпін. Тембр. Үзіліс(пауза). Сөйлеу қарқыны.

2-бөлім. Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай ұсақ жанрлармен таныстыру.

Мақал-мәтелдер. Жұмбақтар. Жаңылтпаштар. Санамақтар. Диалог түріндегі қысқа мәтіндер. Өлең шумақтарының үзінділері. Ұйқасын тауып өлеңді аяқтау тапсырмалары.

3-бөлім. Теориялық білімді практикамен ұштастыруда қарастырылған балалар жазушыларының шығармалары.

«Торғай» (р дыбысының оқылуына арналған). ТорайғыровС. «Қараңғы казак көгіне...»(екпінге байланысты). « Қияр мен капуста», дауыс ырғағына байланысты. «Қасқыр мен кірпі», «Мақта қыз бен мысық», (Үзіліс). «Бал араның жыры» . Мысал өлеңдер, «Шегіртке мен құмырсқа» (екпін мен тембрге байланысты).

4-бөлім. Мәнерлеп оқу курсының практикалық бөлімінде үйренгенін көрсету, қолдану.

Бейнефильм көру, өзінің көзқарасы, сипаттауы. Өлең ұйқасын шығару. Өздерінің шығармашылықтарының жинақтары. (көрме). Мәнерлеп оқу: «Менің сүйікті өлеңім, сүйікті ертегім». Презентация. Қойылым көрсету.

Курстың ерекшелігі, әр берілген теориялық білім практикамен ұштасып отырады. Мысалы, балаларды бір күнгі сабақта, белгілі бір теориялық ұғыммен таныстырылса, оған практика жүзінде әдеби жанрлармен жұмыс жасалады.

МАҚСАТЫ

